

"Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке қою және олардың кезегі" электрондық мемлекеттік қызмет көрсету регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы облысы әкімдігінің 2012 жылғы 24 желтоқсандағы N 424 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментімен 2013 жылы 28 қаңтарда N 2292 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2014 жылғы 02 маусымдағы № 196 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 02.06.2014 № 196 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған .

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңының 9-1-бабы 4-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 8 ақпандағы "Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке қою және олардың кезегі" мемлекеттік қызмет көрсету стандартын бекіту туралы" N 76 қаулысына сәйкес Алматы облысының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған "Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке қою және олардың кезегі" электрондық мемлекеттік қызметтің регламенті қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.І.Бескемпіровке жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Мұсаханов

КЕЛІСІЛДІ:

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Көлік және коммуникация министрі

А. Жұмағалиев

24 желтоқсан 2012 жыл

"Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке қою және олардың кезегі" электрондық мемлекеттік қызметінің регламенті

1. Жалпы ережелер

1. "Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке қою және олардың кезегі" электрондық мемлекеттік қызметі Алматы облысының аудан және қалаларының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімдерімен (бұдан әрі - қызмет беруші), сондай-ақ халыққа қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі – орталық) мен "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы www.egov.kz (бұдан әрі – ЭҮП) к ө р с е т і л е д і .

2. Қызмет 2010 жылғы 8 ақпандағы N 76 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген "Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке қою және олардың кезегі" мемлекеттік қызмет стандартын бекіту туралы" мемлекеттік қызмет стандарты (бұдан әрі - стандарт) негізінде к ө р с е т і л е д і .

3. Қызметтің автоматтандыру дәрежесі: ішінара автоматтандырылған.

4. Қызмет көрсетудің түрі: транзакциялық.

5. Осы Регламентте пайдаланылатын ұғымдар мен қысқартулар:

1) жеке-сәйкестендіру нөмірі - бірлескен кәсіпкерлік түрінде қызметтерді жүзеге асыратын заңды тұлға (филиал және өкілдік) және жеке кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір (бұдан әрі - ЖСН);

2) тұтынушы - электрондық мемлекеттік қызмет көрсетілетін жеке тұлға;

3) транзакциялық қызмет - электрондық цифрлық қолтаңбаны қолданумен өзара ақпарат алмасуды талап ететін, пайдаланушыларға электрондық ақпараттық ресурстарды беру жөніндегі қызмет;

4) "электрондық үкіметтің" веб-порталы - нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық мемлекеттік қызметтерге қолжетімділіктің бірыңғай терезесін білдіретін

5) "электрондық үкімет" шлюзі (бұдан әрі - ЭҮШ) – электрондық қызметтерді жүзеге асыру шеңберінде "электрондық үкіметтің" ақпараттық жүйелерін ықпалдастыруға арналған ақпараттық жүйе;

6) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңбаның құралдарымен құрылған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнның тұрақтылығын растайтын электрондық цифрлық таңбалардың жиынтығы (бұдан әрі - ЭЦҚ);

7) электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда берілген және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат.

8) мемлекеттік электрондық қызмет - ақпараттық технологияларды пайдаланумен электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызмет;

9) ақпараттық жүйе – ақпараттық-бағдарламалық кешенді қолдана отырып ақпаратты сақтауға, өңдеуге, іздестіруге, таратуға, тасымалдауға және ұсынуға арналған жүйе (бұдан әрі - АЖ);

10) "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер базасы – ақпаратты автоматты жинақтауға, сақтау мен өңдеуге, Қазақстан Республикасындағы жеке тұлғалардың бірыңғай сәйкестендіруді енгізу және олар туралы мемлекеттік органдар мен басқа да субъектілерге олардың өкілеттіктерінің шеңберінде және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзекті және шынайы деректер беру мақсатында Жеке сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімін құруға арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі - ЖТ МДБ);

11) пайдаланушы – оған қажетті электрондық ақпараттық ресурстарды алу үшін ақпараттық жүйеге жүгінетін және оларды пайдаланатын субъект (т ұ т ы н у ш ы , қ ы з м е т б е р у ш и);

12) "электрондық үкімет" өңірлік шлюзі – "электрондық үкіметтің" жүйесінде , "электрондық әкімдік" электрондық қызметтерді жүзеге асыру шеңберінде ақпараттық жүйелерін біріктіруге арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі - ЭҮӨШ) ;

13) құрылымдық-функционалдық бірліктер – қызметтер көрсету процесіне қатысатын мемлекеттік органдардың, мекемелер мен басқа да ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің тізбесі, ақпараттық жүйелер (бұдан әрі - ҚФБ);

14) Қазақстан Республикасының халыққа қызмет көрсету орталықтарының ақпараттық жүйесі – ақпараттық жүйе тұрғындарға (жеке және заңды тұлғаларға) қызмет көрсету үдерісін Қазақстан Республикасының халқына қызмет көрсету орталықтары, сондай-ақ тиісті министрліктер мен ведомстволар арқылы автоматтандыруға арналған (бұдан әрі – ХҚКО АЖ);

15) Бірыңғай нотариалдық ақпараттық жүйе – нотариалдық қызметті автоматтандыруға және әділет органдары мен нотариалдық палаталардың әрекет

жасауларына арналған аппараттық-бағдарламалық кешен (бұдан әрі – БНАЖ);
16) АЖО – автоматтандырылған жұмыс орны.

2. Электронды мемлекеттік қызмет көрсету бойынша қызмет берушінің қызмет тәртібі

6. ЭҮП (электрондық мемлекеттік қызмет көрсету барысында функционалдық өзара іс-қимылдың N 1 диаграммасы) арқылы қызмет көрсетушінің қадамдық әрекеттері және шешімдері осы Регламенттің 2-қосымшасында келтірілген:

1) тұтынушы ЖСН немесе парольдің көмегі арқылы ЭҮП-ке тіркеуді жүзеге асырады (ЭҮП-ке тіркелмеген тұтынушылар үшін жүзеге асырылады);

2) 1-үдеріс – қызмет алу үшін тұтынушының ЭҮП-ке ЖСН мен парольді енгізу (авторизациялау үдерісі);

3) 1-шарт – тіркелген алушы туралы деректердің ЖСН мен пароль арқылы түпнұсқасын ЭҮП-те тексеру;

4) 2-үдеріс – ЭҮП-ті тұтынушылар деректерінде бар бұзушылықтарға байланысты авторизацияда бас тарту туралы хабарды қалыптастыру;

5) 3-үдеріс – осы Регламентте көрсетілген қызметті тұтынушының таңдауы, қызмет көрсету үшін сұрау нысанын экранға шығару және оның құрылымы мен форматтық талаптарын ескере отырып (деректерді енгізу) нысанды тұтынушының толтыруы, Стандарттың 11-тармағында көрсетілген сұранысқа сканерден өткізілген құжаттар көшірмесін тіркеуі, сондай-ақ тұтынушының сұранысын (қол қою) растау үшін ЭЦҚ тіркеу куәлігін таңдауы;

6) 2-шарт – ЭҮП-ке ЭЦҚ тіркеу куәлігінің қолданысы туралы және олардың қайтарылған (жойылған) тіркеу куәліктерінің қатарында болмауы туралы және тұтынушы деректерінің сәйкестігі туралы сұраныс жасайды (ЭЦҚ тіркеу куәлігінде көрсетілген ЖСН мен сұраныстағы ЖСН аралығындағы сәйкестіктер);

7) 4-үдеріс – тұтынушы ЭЦҚ түпнұсқалығының расталмауына байланысты сұралған электронды мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы хабарларды қалыптастыру;

8) 5-үдеріс – тұтынушының ЭЦҚ көмегімен сауалдың куәландыруы және қызмет берушіге өңдеу үшін ЭҮШ көмегімен ӨЭҮШ АЖО-ға электрондық құжатын (сауалды) жіберу;

9) 6-үдеріс – электрондық құжатты ӨЭҮШ АЖО тіркеу;

10) 3-шарт – қызмет берушінің тұтынушының Стандартта көрсетілген құжаттардың дұрыстығын және мемлекеттік қызметтің нәтижесін беруге негіз болуын тексеруі (өңдеуі);

11) 7-үдеріс – тұтынушының құжаттарындағы бұзушылықтарды көрсете

отырып сұралатын электронды қызметтен бас тарту туралы хабарлар қ а л ы п т а с т ы р у ;

12) 8-үдеріс – ӨЭҮШ АЖО қалыптастырған қызмет көрсету қорытындысын (электрондық құжат нысанындағы хабарлар) тұтынушының алуы. Қызмет көрсетуші тұлғаның ЭЦҚ қолданумен электрондық құжат қалыптастырылады.

7. Қызмет көрсетушінің қадамдық әрекеттері және шешімдері осы Регламенттің 2-қосымшасында (электрондық мемлекеттік қызмет көрсету барысында функционалдық өзара іс-қимылдың N 2 диаграммасы) келтірілген:

1) 1-үдеріс – электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үшін ЖАО қызметкерінің ӨЭҮШ АЖО-ға ЖСН және парольді енгізу (авторизациялау ү д е р і с і) ;

2) 2-үдеріс – қызмет беруші қызметкерінің осы Регламентте көрсетілген қызметті таңдауы, қызметті көрсету үшін сұрау нысанын экранға шығаруы және қызмет беруші қызметкерінің тұтынушының деректерін енгізуі;

3) 3-үдеріс – тұтынушының деректері туралы ЖТ МДБ -ға ЭҮШ арқылы с ұ р а у д ы ж о л д а у ;

4) 1-шарт – тұтынушы деректерінің ЖТ МДБ-да болуын тексеру;

5) 4-үдеріс – тұтынушы деректерінің ЖТ МДБ-да болмауына байланысты деректерді алу мүмкін еместігі туралы хабарламаны қалыптастыру;

6) 5-үдеріс – қызмет беруші қызметкерінің сұрау нысанын құжаттардың қағаз нысанында болуы туралы белгі қою бөлігінде толтыру және тұтынушының ұсынған қажетті құжаттарды сканерлеуі және оларды сұрау нысанына тіркеуі және толтырылған нысанын ЭЦҚ арқылы куәландыру;

7) 6-үдеріс – электрондық құжатты ӨЭҮШ АЖО-да тіркеу;

8) 2-шарт – қызмет берушінің пайдаланушының Стандартта көрсетілген құжаттардың дұрыстығын және мемлекеттік қызметтің нәтижесін беруге негіз б о л у ы н т е к с е р у і (ө н д е у і) ;

9) 7-үдеріс – ЭҮП-ті алушылар деректерінде бар бұзушылықтарға байланысты авторизацияда бас тарту туралы хабарды қалыптастыру;

10) 8-үдеріс – ӨЭҮШ АЖО қалыптастырған қызмет көрсету қорытындысын (электрондық құжат нысанындағы хабарлар) алушының алуы. Қызмет көрсетуші тұлғаның ЭЦҚ қолданумен электрондық құжат қалыптастырылады.

8. ХҚКО арқылы қызмет көрсетушінің қадамдық әрекеттері мен шешімдері (қызмет көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимылдың N 3 диаграммасы) осы Регламентке 2-қосымшада келтірілген:

1) 1-үдеріс – қызмет алу үшін Орталық операторының ХҚКО АЖ АЖО-ға логин мен пароль (авторизациялау үдерісі) енгізуі;

2) 2-үдеріс – Орталық операторының осы Регламентте көрсетілген қызметті таңдауы, қызметті көрсету үшін сұрау нысанын және Орталық операторы

тұтынушының деректерін, сондай-ақ алушы өкілінің сенімхаты бойынша деректерін экранға шығару (сенімхат нотариалды түрде расталған кезде, сенімхат басқаша расталған кезде – сенімхаттың деректері толтырылмайды);

3) 3-үдеріс – тұтынушының деректері туралы ЭҮШ арқылы ЖТ МДҚ және алушы өкілі сенімхатының деректері туралы БНАЖ сұрау салу;

4) 1-шарт – тұтынушы деректерінің бар-жоғын ЖТ МДҚ, сенімхат деректерін Б Н А Ж т е к с е р у ;

5) 4-үдеріс – тұтынушының ЖТ МДҚ деректерінің жоқтығына, БНАЖ сенімхат деректерінің жоқтығына байланысты деректерді алу мүмкін еместігі туралы х а б а р л а м а қ а л ы п т а с т ы р у ;

6) 5-үдеріс – қағаз түріндегі құжаттың бар-жоғы туралы белгі қою бөлігінде сұрау салу нысанын толтыру және Орталық операторының тұтынушының ұсынған құжаттарды сканерден өткізуі және оларды сұрау салу нысанына бекіту және қызмет көрсетуге сұрау салудың толтырылған нысанын (енгізілген деректерді) ЭЦҚ арқылы куәландыру;

7) 6-үдеріс – Орталық операторының (қол қою) ЭЦҚ қол қойылған электрондық құжатты (тұтынушының сұрау салуын) ЭҮШ арқылы ЭҮӨШ А Ж О - ғ а ж і б е р у ;

8) 7-үдеріс – электронды құжатты ЭҮӨШ АЖО-да тіркеу;

9) 2-шарт – электрондық мемлекеттік қызмет көрсету негіздемесі мен Стандартта көрсетілгендей қызмет көрсетушінің қоса жалғанған құжаттардың сәйкестігін т е к с е р у і ("өңдеу");

10) 8-үдеріс – тұтынушының құжаттарында бұзушылықтардың болуына байланысты сұралып отырған қызметтен бас тарту туралы хабарлама қ а л ы п т а с т ы р у ;

11) 9-үдеріс – Орталық операторының көмегімен ЭҮӨШ АЖО қалыптастырған қызмет көрсету қорытындысын (электрондық құжат нысанындағы х а б а р л а р) тұтынушының алуы.

9. Қызмет көрсетуге арналған сұрау нысандарын толтыру бойынша ә р е к е т т е р д і ң с и п а т т а м а с ы :

1) ҮЭП–ге кіру үшін пайдаланушының логин ЖСН-ді және парольді енгізуі;

2) осы Регламентте көрсетілген қызметті таңдау;

3) "online қызметіне тапсырыс беру" бастырма көмегімен қызметке тапсырыс б е р у ;

4) сұрау толтыру және қажетті құжаттарды электрондық түрде бекіту; сұрау толтыру ЖСН пайдаланушының ЭҮП-те тіркелу нәтижесі бойынша а в т о м а т т ы т ү р д е т а ң д а л а д ы ;

пайдаланушының "сұрауды жөнелту" бастырма көмегімен сұрауды куәландыру (қол қою) іске асырады;

5) пайдаланушының ЭЦҚ тіркеу куәлігін таңдауы;
 6) сұрау куәландыру (қол қою) – "қол қою" бастырма көмегімен ЭЦҚ сұраудың куәландыруын (қол қоюды) іске асырады, одан кейін сұрау қызмет берушінің АЖО өңдеуге беріледі;
 7) қызмет берушінің АЖО сұрауды өңдеу;
 8) пайдаланушының дисплей экранына: ЖСН; сұрау нөмірі; қызмет түрі; сұраныс мәртебесі; қызмет көрсету мерзімі туралы ақпарат енгізіледі; "мәртебені жаңарту" бастырма көмегімен пайдаланушыға сұрауды өңдеу нәтижесін қарау мүмкіндігі беріледі; жауап алу кезінде ЭУП-та "нәтижені қарау" бастырмасы пайда болады.

10. Тұтынушының электрондық мемлекеттік қызмет бойынша сұрау салуының орындалу мәртебесін тексеру тәсілі: "электрондық үкімет" порталында "Қызметтерді алу тарихы" бөлімінде, сондай-ақ ЖАО-ға/Орталыққа өтініш ж а с а ғ а н д а .

11. Қызмет көрсету бойынша қажет ақпаратты және консультацияны call-орталығының телефоны (1414) арқылы алуға болады.

3. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

12. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіне қатысатын ҚФБ:

Қ	ы	з	м	е	т	б	е	р	у	ш	і	;				
О	р	т	а	л	ы	қ	о	п	е	р	а	т	о	р	ы	;
						Ү	Э	П				;				
						Э	Ү	Ш				;				
						Э	Ү	Ө	Ш			;				
				Э	Ү	Ө	Ш			А	Ж	О	;			
			Х	Қ	К	О		А	Ж		А	Ж	О	;		
								Б	Н	А	Ж		;			
								Ж	Т		М	Д	Б	.		

13. Осы Регламентке 1-қосымшада әрбір іс-қимылдың орындалу мерзімін көрсете отырып, іс-әрекеттер (ресімдер, функциялар, операциялар) бірізділігінің мәтіндік кестелік сипаттамасы келтірілген.

14. Осы Регламенттің 3-қосымшасында электрондық мемлекеттік қызмет нәтижесін ұсынудың экрандық нысандары келтірілген.

15. Осы Регламентке 2-қосымшада іс-қимылдың (электронды мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде) логикалық бірізділік арасындағы өзара байланысты көрсететін диаграмма олардың сипаттамасына сәйкес келтірілген.

16. Тұтынушыларға электрондық мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерінің

сапасы мен қолжетімділік көрсеткіштері осы Регламентке 4-қосымшаға сәйкес ө л ш е н е д і .

17. Тұтынушыларға қызмет көрсету үдерісіне қойылатын талаптар:

- 1) құпиялылық (бекітілмеген ақпаратты алудан қорғау);
- 2) біртұтастылық (бекітілмеген ақпаратты өзгертуден қорғау);
- 3) қолжетімділік (бекітілмеген ақпаратты және ресурстарды ұстауды қорғау).

18. Қызмет көрсетудің техникалық шарттары:

- 1) Интернетке шығу;
- 2) қызмет көрсетілетін тұлғаның ЖСН-і болуы;
- 3) ЭҮП авторизациялау;
- 4) пайдаланушыда ЭЦҚ-ның болуы.

"Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке қою және олардың кезегі" электрондық мемлекеттік қызметінің регламентіне 1-қосымша

1-кесте. ЭҮП арқылы көрсетілетін ҚФБ іс-қимылын сипаттау

1	Іс-қимыл N (жұмыс барысы, ағымы)	1	2	3	4
2	ҚФБ атаулары	Тұтынушы	ЭҮП	Тұтынушы	ЭҮП
3	Іс-қимыл атаулары (үдеріс, рәсім, операция-лар) және олардың сипаты	ЖСН арқылы парольді көрсетіп ЭҮП-ке авторизациялау	Тұтынушының деректерінде бұзушылық болуына байланысты бас тартылу туралы хабарлама қалыптасады	Қызметті таңдайды және сұранысты толтырады, ЭЦҚ таңдайды	Тұтынушы ЭП деректерінде бұзу болуына байланысты тартылу турал хабарлама қалыпта
4	Аяқталу нысаны (деректер, ұйымдастырушы-басқарушылық шешім)	Сұраудың табысты қалыптасуы туралы хабарламаны көрсету	Сұратқан электрондық мемлекеттік қызметте бас тарту туралы хабарлама қалыптастыру	Сұрауды бағыттау	ЖАО АЖ-дан х АЖ-ға сұрау мәртебесінің ауы туралы хабарлама
5	Орындалу мерзімі	30 секунд – 1 минут	30 секунд	1,5 минут	1,5 минут
6	Келесі іс-қимыл нөмірі	2 - тұтынушының деректерінде бұзушылық болса; 3-	–	4 - тұтынушының деректерінде бұзушылық	-

		авторизация табысты өтсе		болса; 5 - бұзушылық болмаса	
--	--	-----------------------------	--	------------------------------------	--

1-кестенің жалғасы

5	6	7	8
Тұтынушы	ЭҮӨШ АЖО	ЭҮӨШ АЖО	ЭҮӨШ АЖО
Сұрауды ЭЦҚ арқылы растау (қол қою)және сұрауды ЭҮӨШ АЖО-ға жолдау	Құжатты тіркеу	Тұтынушының құжаттарында бұзушылық болуына байланысты бас тартылу туралы хабарлама қалыптасады	Тұтынушының қызы нәтижесін алуы
Сұрауды бағыттау	Өтінішке нөмір берумен сұрауды тіркеу	Дәлелді бас тартуды қалыптастыру	Шығыс құжатты көрсе
30 секунд – 1 минут	1 минут	30 секунд	30 күн
-	7 – тұтынушының деректерінде бұзушылық болса; 8 – егер бұзушылық болмаса	-	-

2-кесте. Қызмет беруші арқылы көрсетілетін ҚФБ іс-қимылын сипаттау

1	Іс-қимыл N (жұмыс барысы, ағымы)	1	2	3	4
2	ҚФБ атаулары	Қызмет беруші	Қызмет беруші	Қызмет беруші	ЖТ МДБ
3	Іс-қимыл атаулары (ЖСН және пароль үдеріс, рәсім, операциялар) және олардың сипаты	ЖСН және пароль арқылы ЭҮӨШ АЖО-ға авторизациялау	Қызмет берушінің қызметкері қызмет тандайды	Тұтынушының деректері туралы сұрау ЖТ МДБ-ға жолдау;	ЖТ МДБ-да дерек жоқтығы туралы хабарлама қалыптастыру
4	Аяқталу нысаны (деректер, ұйымдастырушы-басқарушылық шешім)	Өтінішке нөмір берумен сұрауды тіркеу	Сұрауды табысты қалыптастыру туралы хабарламаны көрсету	Сұрауды бағыттау	Дәлелді бас тарту қалыптастыру
5	Орындалу мерзімі	10-15 секунд	10 секунд	1,5 минут	10-15 секунд
6	Келесі іс-қимыл нөмірі	-	-	4 – егер бұзушылық болса, 5 - егер бұзушылық болмаса	-

2-кестенің жалғасы

5	6	7	8
Қызмет беруші	ЭҮӨШ АЖО	ЭҮӨШ АЖО	ЭҮӨШ АЖО
Сканерленген құжаттарды бекіту арқылы салдардың нысандарын толтыру және ЭЦҚ куәландыру	ЭҮӨШ АЖО-да құжатты тіркеу	Тұтынушының құжаттарында бұзушылық болуына байланысты бас тартылу туралы хабарлама қалыптасады	Тұтынушының қы нәтижесін алуы
Сұрауды бағыттау	Өтінішке нөмір берумен сұрауды тіркеу	Дәлелді бас тартуды қалыптастыру	Қызмет нәтиже қалыптастыру хабарлама жіберу
10-15 секунд	1,5 минут	1,5 минут	30 күн
6	7 – егер бұзушылық болса, 8 - егер бұзушылық болмаса	-	-

3-кесте. ХҚКО арқылы көрсетілетін ҚФБ іс-қимылын сипаттау


1	Іс-қимыл N (жұмыс барысы, ағымы)	1	2	3	4
2	ҚФБ атаулары	ХҚКО АЖ АЖО	Орталық операторы	Орталық операторы	ЖТ МДБ, БНАЖ
3	Іс-қимыл атаулары (үдеріс, рәсім, операциялар) және олардың сипаты	Орталық операторының логин және пароль арқылы авторизациялауы	Қызмет таңдайды және сұраудың деректерін қалыптастырады	Сұрауды ЖТ МДБ-ға, БНАЖ-қа жолдау;	Тұтынушының дере болмауына байланы деректерді алу мүмкіншілік болу туралы хабарла қалыптастырады
4	Аяқталу нысаны (деректер, ұйымдастырушы-басқарушылық шешім)	Өтінішке нөмір берумен сұрауды тіркеу	Сұраудың табысты қалыптастыру туралы хабарламаны көрсету	Сұрауды бағыттау	Дәлелді бас тарт қалыптастыру
5	Орындалу мерзімі	30 секунд – 1 минут	30 секунд	1,5 минут	1,5 минут
6	Келесі іс-қимыл нөмірі	2	3	4 – егер тұтынушының деректерінде бұзушылық болса, 5 - егер бұзушылық болмаса	-

3-кестенің жалғасы


5	6	7	8	9
Орталық операторы	Орталық операторы	ЭҮӨШ АЖО	ЭҮӨШ АЖО	ЭҮӨШ АЖО
Сұрау нысанына қажет құжаттарды бекіту арқылы сұрауды толтыру және ЭЦҚ куәландыру	ЭЦҚ куәландырылған (қол қойылған) құжатты ЭҮӨШ АЖО-ға жіберу	Құжатты тіркеу	Тұтынушының құжаттарында бұзушылық болуына байланысты бас тартылу туралы хабарлама қалыптасады	Тұтынушының қы нәтижесін алуы
Дәлелді бас тартуды қалыптастыру	Сұраудың табысты қалыптастыру туралы хабарламаны көрсету	Өтінішке нөмір берумен сұрауды тіркеу	Дәлелді бас тартуды қалыптастыру	Қызмет нәтижес қалыптастыру хабарлама жіберу
30 секунд – 1 минут	1 минута	1 минут	30 секунд – 1 минут	30 күн
	8 – егер бұзушылық болса , 9 - егер бұзушылық болмаса	-	-	

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан
 тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй
 қорынан жергілікті атқарушы орган
 жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды
 есепке қою және олардың кезегі"
 электрондық мемлекеттік
 қызметінің регламентіне
 2-қосымша

**ЭҮП арқылы электрондық мемлекеттік қызмет көрсету барысында
 функционалдық өзара іс-қимылдың N 1 диаграммасы**



Қызмет беруші арқылы электрондық мемлекеттік қызмет көрсету барысында функционалдық өзара іс-қимылдың N 2 диаграммасы



Шартты белгілер:



"Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж Азаматтарды есепке қою және олардың кезегі"

Шығыс құжаттың нысаны

	Құжат электрондық үкімет жүйесінде құрылған Документ сформирован системой электронного правительства	ЭУП/ПЭП ХҚКО/ЦОН АЖО/АРМ	990000006782
Берілген күні Дата выдачи	11.05.2012		

Өтініш берушінің: ТРЕТЬЯКОВ ИГОРЬ ИГОРЕВИЧ

Мекен-жай: АСТАНА, АЛМАТЫ РАЙОН,
МОЛОДЕЖНЫЙ, 18, 33

Телефон:

Хабарлама

Сіз тұрғын үй комиссиясының 02.02.2012 жылғы шешімімен отбасы 3 адамнан тұрып,
02.02.2012 жылғы № 990000006781 өтініш берген күнен бастап
Ұлы Отан соғысының мұрадағы мен қатысушы, сондай-ақ оларға теңестірілген адам

Категориясы бойынша мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге әдіктаждар азаматтар есебіне
тұрғызылғаныңыз туралы хабарлаймыз.

Есепке тұрғызылу мәзетіне Сіздің көзектілігіңіз № 6

Бастық Мұқашева Заураш Кувантеевна 81
(ТАӨ)

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық шифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылғы 7 қаңтардағы
№370-ІІ ҚРЗ 7-бабының 1-тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатқа тең.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗКР от 7 января 2003 года «Об электронном документе и
электронный цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.



*Штрих-код «Электрондық әкімдік» ақпараттық жүйесі ұсынған және Ақимат (АҚСҮ Қ электрондық-шифрлық
қолтаңбамен қол қойылған деректерді қамтиды)
Штрих-код содержит данные, представленные информационной системой «Электронный акимат» и
подписанные электронной-цифровой подписью Ақимат (Г АҚСҮ)

Шығыс құжаттың нысаны (бас тарту)

Берілген күні
Дата выдачи 11.05.2012Өтініш берушінің АХМЕТОВ АЯН АМАНБАЕВИЧМекен-жай: АКМОЛИНСКАЯ, КОКШЕТАУ, 55, 40

Телефон:

Хабарлама

Сізге (жанды құрамы 1 адам) мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке қоюға бас тартылғаны туралы хабарлаймыз.

Бастарту себебі: test
(бас тарту себебі)

Аталған шешіммен келіспеген жағдайда, Сіз заңмен белгіленген тәртіпте оған шағым келтіре аласыз.

Бастық

Андреев Александр Иванович
(ТАӨ)

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық шифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылғы 7 қаңтардағы №370-ІІ ҚРЗ 7-бабының 1-тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатқа тең.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗКР от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.



*Штрих-код «Электрондық әкімдік» ақпараттық жүйесі ұсынған және Ақимат (АҚСҮ Қ электрондық-шифрлық қолтаңбамен қол қойылған деректерді қамтиды)

Штрих-код содержит данные, представленные информационной системой «Электронный акимат» и подписанные электронно-цифровой подписью Ақимат (Г АКСУ)

"Мемлекеттік тұрғын үй қорынан
тұрғын үйге немесе Жеке тұрғын үй
қорынан жергілікті атқарушы орган
жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды
есепке қою және олардың кезегі"
электрондық мемлекеттік
қызметінің регламентіне
4-қосымша

**Электрондық мемлекеттік қызметтің көрсеткіштерін анықтауға
арналған сауалнама үлгісі: "сапа" және "қолжетімділік"**

(қызмет атауы)

1. Сізді электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үдерісі мен нәтижесінің сапасы қанағаттандырды ма?

- 1) қанағаттандырған жоқ
- 2) жартылай қанағаттандырды;
- 3) қанағаттандырды.

2. Сізді электрондық мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпарат сапасы қанағаттандырды ма?

- 1) қанағаттандырған жоқ
- 2) жартылай қанағаттандырды;
- 3) қанағаттандырды.